

Тұқым – жұмыртқа. Ши бауырсақты тұқымға илеп, майдалап кесіп жасайды. Маған екі – үш тұқым қуырып бер.

Шәмбе// сама – шәйдің қайнатқаннан соң қалғаны, самасы. Түркістанда шәмбе деп аталса, Бабайқорғанда – сама.

Қатырған құмшекер. 1. Құмшекерді ешнәрсе қоспай қазанды шай қыздырып үздіксіз араластырып жасаған түрі. Қатырған құмшекер қызыл түске айналады. 2. Құмшекерге аздап су қосып, су сарқылғанша араластырып жасаған қатырған құмшекер. 3. Құмшекерге сүт қосып, араластырып қатырған құмшекер. Қатырған құмшекер арасы кеуек – кеуек болады. Қатырған құмшекер оңайлықпен сынбайды.

Қорыта келгенде, бұл келтірілген сөздер тағам атауларының Түркістан тұрғындары тіліндегі лексико – семантикалық ерекшеліктерінің өзіндік бір көрінісі болып есептеледі. Бұл ерекшеліктер осы өлкеден шыққан әдебиет қайраткерлерінің, журналистерінің тілі арқылы кейбір сөздер жазба әдебиетіміздің ортақ дүниесіне айналуы мүмкін. Бұл, әрине, тіл дамуындағы заңды тілдік құбылыстары.

1. Нақысбеков О. Қазақ тілінің Оңтүстік говорлар тобы. А. 1982.

2. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. А. 1989

3. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А. 1959

4. Досқараев Ж. Очерк о Южном диалекте казахского языка. А. 1996.

Б. Жусупова

Названия блюд в речи жителей Туркестана

В статье рассматриваются семантические особенности названия блюд в речи жителей Туркестана.

B. Zhusupova

The names of dishes in Turkestan inhabitants' speech

This article deals with semantical peculiarities of the names of meals in the speech of inhabitants of Turkistan

Н. Ильясова,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

СӨЙЛЕУ ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Сөйлеу – адамдарға ғана тән қабілет. Б.Хасанұлы: «Адамға тілдік қабілет туа бітеді, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналады. Адам әлеуметтену барысында тілдік қабілетін жетілдіреді де, тілдік тұлғаға айналады» [1, 230 б.] деп, адамдарды биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде таниды. Тілдік қабілеттің жетілуі тілді таныммен сабақтасыра зерттеуге, тіл арқылы адамды тануға, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыруға арқау болып, тіл мен тұлғаның, тіл мен қоғамның өзара әрекеттесуінен қалыптасатын мәдени-әлеуметтік факторлардың мәнін ашады. Дәлірек айтқанда, адамдардың тілдік мәдениетін (немесе тілді қолданудағы адамдардың мәдениеті) айқындауға мүмкіндік береді.

Тілдік мәдениет сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекі-

лігі (А.Байтұрсынұлы) сияқты нақты қағидаларға сүйенеді. Егер сөйлем құрамындағы сөздер синтагмалық қағидаларға сай дұрыс байланысса, сөйлеу барысында сөздердің дұрыс қолданылғаны; егер «ана тілдің сөзін басқа тілмен шұбарламай, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» (А.Байтұрсынұлы) тұжырымын ұстанақ, сөйлеу барысында тіл тазалығы сақталмақ; егер «айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса» (А.Байтұрсынұлы) сөйлеу кезінде тіл анық болмақ; егер сөйлеу кезінде айтылатын ойға қатысты сөздердің ұғымы дәл, нақты болып, сөз семантикасына сәйкес жұмсалса, сөйлеу барысында тіл дәлдігі орын алмақ; егер сөйлеу барысында сөздер дұрыс, анық, дәл айтылып қана қоймай, дерексіз ұғымды деректі

заттармен салыстыра, теңестіре, шендестіре т.б. айтса, сөйлеу барысында тіл көркем болмақ. Осы орайда, тіл мен сөйлеудің де арақатынасын айта кету орынды. Т. Қордабаев: «Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмастық бірлікте болатындарына қарамастан бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік. Тіл дегеннен оның құрамына енетін дыбыстарды, сөздерді, грамматикалық формалар мен үлгілерді түсінеміз. Тіл дегеніміз – сөйлеуге қажетті материалдардың жиынтығы. Ф.де Соссюрше айтқанда, қоймасы. Ал сөйлеу – сол жансыз материалдардың өзара қарым-қатынасқа келуі, тілдің қимыл үстіндегі күйі. Тілдің жаны, тіршілігі – сөйлеуде. Сөйлеу процесінде тілдік материалдар жанданып, өз бойындағы мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Бірақ сол мүмкіндікті әркім өз шама-шарқынша пайдаланады: біреулер оның ішіндегі асылдарын іріктеп алып, оларды өз мақсаттарына лайықты тиісті орындарына қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік, дарындылық болмайды. Осыдан келеді де тіл шұбарлығы, тіл мәдениетсіздігі пайда болады, қоғамдық сипатты тіл жеке адамдардың сөйлеу процесінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешелігі осында. Тілге жақсы, жаман, мәдениетті, мәдениетсіз деген сын жүрмейді. Осы себептен «тіл мәдениеті» деуден гөрі «сөйлеу мәдениеті» деу мазмұнға сай келеді. Бұл айтылғандардан тіл мен сөйлеу арасындағы бірлік пен өзгешелікті кеңірек, тереңірек зерттей түсу қажеттігі байқалады», - дейді. [2, 118-119] Ғалым атап көрсеткендей, тіл – қоғамдық сипаттағы құбылыс, сөйлеу жеке адамдарға тән даралық сипаттағы құбылыс. Тіл – дүниедегі заттар мен құбылыстардың мазмұны мен формасын қарастырып, талдау жасауға мүмкіндік береді. Дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің таңбалық белгісін, байланысу жолдарын айқындап, белгілі бір халықтың дыбыстық жүйесін, сөздік қорын, өзіндік ерекшелігін саралайтын қоғамдық құбылыс.

Сөйлеу адам әрекетінің құрамдас бөлігі болғандықтан, адамның физиологиясымен, психологиямен, ойлау процесімен байланысады. Нәтижесінде адамдардың танымдық қабілетін, тұлғалық мәдениетін, этностық болмысын, ұлттық психологиясын, өмірлік дағдысын, ішкі толғанысын, көңіл-күйін, жан-

дүниесін дәйектейтін антропоөзекті категория ретінде ерекшеленеді. Сөйлеу тілдің материалдық элементтері, яғни тіл дыбыстары, сөз, сөйлем арқылы орындалады. Оларды айту мен қабылдау процесі адамдардың физиологиялық қасиеті, яғни сөйлеу мүшелері мен есту мүшелері негізінде жүзеге асады. Сөйлеу мүшелері мен есту мүшесі қоршаған дүниедегі құбылыстардың тікелей әсерінен болатын түйсіктер мен елестердің қызметі арқылы сөйлеу аппаратының іске қосылуына арқау болады. Нәтижесінде адамдардың сөйлеуге қабілетті екенін білдіретін сигналдар жүйесі ми қабығына барып, сөйлеу органдарының әр түрлі қалыпта жұмсалыуына мүмкіндік береді. Әрбір дыбысты, сөзді, сөйлемді мәніне, мағынасына қарай өзінің сазымен айта алуға жағдай туғызады.

Адамдардың сөйлеу әрекеті мен жан-қуаттарының (психикалық құбылыстар) арасындағы байланыстар сөйлеу процесі мен оны қабылдау процесінің арасындағы тілдік қарым-қатынасты анықтайды. «Тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алысуы, адамдар қатынасының түпқазығы дегенді білдіреді»- деген Ф.Оразбаеваның тұжырымы негізінде сөйлеудің мәні адамдардың бір-бірінің ұғынысуы, түсінісуі деп қорытуға болады. [3, 229-230]. Адамдар бірін-бірі ұғу, түсіну үшін өзара пікірталасуы қажет екені белгілі. Пікір алысу айтылған сөзді қабылдау, оның мағынасын түсіну процесі арқылы жүзеге асады. Сөзді қабылдау, оның мағынасын түсіну – психологиялық факт. Оған заттың адам санасында сақталған атауы арқау болады. Атаулардың санада сақталуы заттар мен құбылыстарды түсіну, қабылдау, елестету, сезіну сияқты амал-операциялардан тұратын психологиялық құбылыстар негізінде жүзеге асып, тіл мен танымның байланысын көрсетеді. Нәтижесінде тілдегі әрбір сөзді жинақтауға, нақтылауға, абстракциялауға жүйелеуге болады. Мәселен, қазақтар мал жейтін шөпті ащы, тұщы, құрғақ, сулы деп бірнеше топқа бөліп, ащы шөптерге көкпек, изен, жусан т.б. тәрізді сөздерді жатқызса; тұщы шөптерге қияқ, боз т.б. сияқты сөздерді жатқызып, оларды қандай малдың қорек ететініне қарай топтастыра біл-

ген. Түйе үшін жапырақ, изен, шағыр; қойға шоңышқа, қына; жылқыға боз, қияқ, беде, ебелек, бидайық т.б. сияқты шөптердің азық болатынын білуі адамдардың сол заттарды жан-қуатымен сезінуі, түйсінуі, қабылауы арқасында жүзеге асты. Малды жасына, жүрісіне қарай айыруы, яғни жылқыны құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті; сиыр малын бұзау, баспақ т.б. түрінде жүйелеуі сол заттарды жете танып-білуімен байланысты. Әр халықтың санасында өздерінің тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты заттар мен құбылыстардың, яғни өздері көрген-білген, таныған заттардың атаулары сақталады. Сол арқылы адамдар өздерінен бұрынғы ұрпақтар жинаған тәжірибе мен білімді де сақтап қалады. Бірінің білмейтінін екіншісі біліп, адамдардың ақыл-ойы, икемі, дағдысы молығады. Нәтижесінде сөйлеушінің сөзі қабылданған сәтте мәлімет семантикаға ие болып, адамдар арасында тілдік қатынас қалыптасады. Сөйлеу кезінде заттар мен құбылыстардың қыр-сырын ұғыну, оларды пайымдау сияқты логикалық категориялар жарыққа шығады. Ұғым сөз арқылы, байымдау сөйлем арқылы жұмсалып, тіл бірліктері сөйлеу процесіне енеді. Әрбір сөз ойлы да, мәнерлі болып, өз қисынымен жұмсалуды керек. Айтылған сөз жүйесіз болып, тілдік нормаға сай болмаса, тыңдаушы психологиялық кедергіге ұшырап, мәліметті қабылдау процесі орын алмайды. Бұдан дұрыс сөйлеудің белгілі бір психологиялық, логикалық қағидаларға сүйенетінін көруге болады. Оның ең басты көрсеткіші де тіл жүйесіндегі білімді игеру болып табылады. Білім – ақылмен байланысты болатын адамға тән қасиет. Ж.Баласағұни айтқандай, «Ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз». Білім мен ақыл ой ұшқырлығының, сергектігінің, белгілі бір мәселені тез шешудің, затты әр қырынан танудың, жаңа нәрсені аңғарудың, орынсыз асып-саспаудың т.т. көрсеткіші ретінде адамның сапалық қасиетін айқындауға мүмкіндік береді. Адамға тән осы қасиет тіл білімін игеруді қажет етеді. Тіл білімін игермейінше адамдардың сөйлеу мәдениеті де толық жетілмейді. Сөйлеу мәдениеті қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында қажет. Сөйлеу арқылы тілді қолданушылардың санасында сақталған бірліктер мен ережелердің жиынтығы сараланады. Адамдардың сөйлеу процесіндегі даралық сипаты анықталады. Сондықтан тілдің қоғамдық қарым-қатынастағы қызметі сөйлеу процесі арқылы

айқындалады. Осыған орай, сөйлеудің мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: *ауызекі сөйлеу, қарапайым сөйлеу, тұрпайы сөйлеу, көркем сөйлеу, ғылыми сөйлеу, ресми сөйлеу*. А.Байтұрсынұлы сөйлеудің маңызын былайша бағалайды: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлеу білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [4, 29] Ғалымның *жазумен сөйлесу және ауызбен сөйлесу* деген тұжырымынан сөйлеуге тән екі түрлі категорияны көріп отырмыз. Олардың өзіндік ерекшелігі сөйлеудің түрлерін жіктеу арқылы анықтауға болады. *Ауызекі сөйлеу, қарапайым сөйлеу, тұрпайы сөйлеу* ауызбен сөйлесудің (ауызша сөйлеу) мәнін анықтайды. Ауызша сөйлеудің ерекшелігі мынада: сөзді өңдеуді қажет етпейді; сөйлеу барысында сөзді қалайша құрастырып айту жағын ойластыруға уақыт мүмкіндік бермейді. Сондықтан айтылған сөзді қайта өңдеп, түзете алмаймыз. Тіпті, шаршы топ алдында дәріс, баяндама жасағанда да, яғни монологтық сөйлеу кезінде де сөзімізді өңдеуге болмайды. Ауызша сөйлеу бөгелмей, еркін айтуды талап етеді. Керек сөздер ойға өздігінен келіп, дұрыс және мәнерлі болып айтылуы тиіс. Сондықтан ауызша сөйлеуде сөйлем құрамындағы сөздер негізінен, тура, негізгі мағынада жұмсалады. Құрылымы оңай, жалпыхалыққа ортақ жеңіл сөйлемдер қолданылады. Атап айтқанда, ауызша сөйлеуге тән тіл құралдарына қалыпты сөйлемдер, ықшамдалған сөйлемдер, толымсыз сөйлемдер, сөз сөйлемдер, қаратпа құрылымды, одағай құрылымды, қыстырма құрылымды сөйлемдер жатады. Құрамындағы сөздер бастапқы лексикалық мағынасында жұмсалып, ешбір көріктеу амалы қолданылмаған сөйлем түрін қалыпты сөйлем деп атаймыз. Олар хабарлау, бұйыру, сұрау, өгіну т.б. сияқты әр түрлі мәнде жұмсалуда қабілетті.

Көркем сөйлеу, ғылыми сөйлеу, ресми сөйлеу жазбаша сөйлеуге жатады. Жазбаша сөйлеу құрылысы жағынан едәуір қиын, айтылатын ойға қатысты керекті сөздерді іздеп, олардың семантикасын, байланысу жолдарын дұрыс аша білуді талап етеді. Мәселен, ғылыми

тілде сөйлеу нақтылықты, тіл дәлдігін қажет етеді. Сондықтан сөздердің терминдік мәнін ашатындай қолданыстарды талап етеді. Ал көркем сөйлеу сөздердің экспрессивтік мәнде жұмсалуды талап етеді. Сондықтан сөздерді бейнелі түрде қолдануды талап етеді. Ауыспалы мағынада, келтірінді мағынада жұмсалатын сөздер, негізінен, көркем сөйлеуге тән сөйлемдердің құрамында болады. Мұндай сөйлемдерді бейнелі сөйлемдер деп атауға болады.

Ресми сөйлеу қаулы қабылданды, басқа жұмысқа ауысуыма байланысты, бұйырамын, сұраймын т.б. сияқты міндетті сөздерді қолдануды талап етеді. Осыған байланысты оларды іскери сөйлемдер деп атауға болады. Сөйлемдер сөйлеудің түрлеріне қарай құрылымдық жағынан да, семантикалық жағынан да ерекшеленеді. Сонымен қатар, сөйлеушінің тілдік қабілетін, сөйлеу мәдениетін, аялық білім қорын айқындауға арқау бола алады. Сондықтан сөйлемдер сөйлеу үстіндегі адам факторын, сөйлеудің түрін айқындаушы қатысымдық бірліктер болып табылады. Сөйлеу ұғымын тілді қолданудың ауызша формасымен тең дәрежеде қарастыруға болмайды деп санаймыз. Тілді игерудің жолдарын А.А.Залевская метакогнитивті, когнитивті, әлеуметтік-аффектілік деп үш түрге бөледі. Метакогнитивті игеру – сөзді түсіну мен жоғалтпауды саналы түрде бағамдау. Когнитивтік игеру – оқып білген деректерді пайдалану. Әлеуметтік-аффектілік игеру тілге қабілеттілігі жөнінде өзімен-өзі санасу дегенге саяды [5, 324 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, әр адамның өзіне тән тілді игеру мүмкіншілігі болатынына көз жеткізуге болады. Ешбір адам сөйлеу барысында тілдің барлық мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Сөйлеу жағдаятына қарай қажетті тілдік бірліктер мен элементтерді қолданады. Соған сәйкес сөйлеудің түрлері анықталады. Ғылыми сөйлеу, бейнелі сөйлеу, ресми сөйлеу тілдік элементтерді саналы түрде екшеп, іріктеп алуды көздейтін, белгілі бір білім аясын қажет ететін әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Оған барлық адамның тілдік қабілеті жете бермеуі мүмкін. Ол үшін сөйлеуге тән тілдік қолданыстарды жете меңгеруге мүмкіндік беретін арнайы лингвистикалық және кәсіби білім алу керек. Ал ауызекі, қарапайым, тұрпайы сөйлеу тілді қолданушылардың барлығына ортақ, бірыңғай мәнде қолданылатын тілдік бірліктердің қызметі арқылы жүзеге асады. Сондықтан кез келген

сөйлеуші мен тыңдаушының арасында өзара түсінісу еш қиындық туғызбайды. Оларды тек тілдік норма тұрғысынан ғана жіктеуге болады.

Ауызекі сөйлеуде жалпыхалыққа түсінікті, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтан тілдік нормаға сай жұмсалатын тілдік бірліктер қолданылады. Кез келген қоғам мүшесі ауызекі сөйлеу арқылы тілдік қатынасқа түсе алады. Тіпті жаңа туған баланың тілі де ауызекі сөйлеу барысында нормаланады. Ауызекі сөйлеуде тілдік элементтер эмоционалды мәнде, ықшам түрде қолданылып, сөздер жалпыхалықтың санасында сақаталған негізгі немесе тура мағынасында жұмсалады. Сондықтан ауызекі сөйлеу жалпыхалыққа ортақ қасиетке ие болады. Бұл адамдардың қоғамдасуына, өзара тез түсінісуіне, тез қарым-қатынас жасауына арқау болатын, қоғам мүшелерінің басын қосушы сөйлеу болып табылады.

Қарапайым сөйлеуде белгілі бір аймақта өмір сүретін халықтың дағдысына айналған жергілікті тілдік ерекшеліктер қолданыс табады. Ал тұрпайы сөйлеуде жеке адамның тілдік дағдысына айналған былапыт сөздер, инвективті лексика қолданыс табады. Осы тұрғыдан келгенде, қарапайым сөйлеу мен тұрпайы сөйлеу әдеби тілдің нормасына сүйенбейді. Себебі оларды жалпыхалық қолданбайды. Ауызша сөйлеудің түрлерін анықтап, жіктеп көрсету барысында ауызекі сөйлеудің қоғам мүддесін өтеуде өзіне тән қызметі бар екеніне, оның материалдық жүйесі әдеби тілдің нормасына сай екеніне көз жеткізуге болады. Қарапайым сөйлеу әдеби тіліміздің сөздік қорын толықтыруға қызмет атқарып, тілдің мүмкіндігін сарқа пайдалану ұстанымын жүзеге асыруға арқау болады деп танимыз. Тұрпайы сөйлеу адамдардың сөйлеу барысындағы тұлғалық мәдениетінің қандай екенін саралауға мүмкіндік береді. Сондықтан да сөйлеудің түрлерін ажыратып, ондағы қолданылатын сөйлемдердің мәнін-мағынасын түсіну бүгінгі күні аса қажет мәселе.

1. Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы: әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық сыр-сипаты. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 230-235 бб.

2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. Алматы. Мектеп, - 1987. - 124 б

3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынастың теориялық негізі // Тіл әлемі. – Алматы: Ан Арыс, 2009. - 368 б.

4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құралы. – Алматы: «Алаш», - 2005, -352б.

5. Залевская А.А. Психолингвистика и усвоение языка. Жизнь языка и язык в жизни // Сборник статей посвя-

щенный юбилею Э.Д. Сулейменовой. - Алматы, 2005. - 478 с

Н. Ильясова

Лингвистический аспект речи

В статье рассматриваются лингвистические аспекты речи.

N. Ilyasova

Linguistic aspect of speech

The article deals with the linguistic aspects of speech.

Ж. Т. Исаева, А. Е. Тәттібаева

С.Ж.Асфендияров ат.ҚазҰМУ (Алматы қаласы)

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қай тілдің (әдеби тілдің, көркем шығармалар тілінің және халық тілінің) тоба қазығы - жеке сөздер. Олар тілдің ең басты, ең негізгі элементі. Тіл – сөзден құралады, сөз тілді сөйлетеді. Сондықтан біз әңгімені жеке сөзден (жеке-жеке сөздерді талдау барысында туған ой-пікірден) бастаймыз. Ең әуелі көркем әдебиет тілінде жеке сөздер мен олардың құрамы мен түрлері (түбір сөз, туынды сөз, біріккен сөз, қос сөз, сөз тіркесі, сөз орамы, яғни, күрделі сөз тіркесі) қалай пайда болады деген мәселеге баса назар аударамыз.

Көркем әдебиет тілінің лексикалық байлығын көркейтудің басты көзі – халық тілі болса, көзін тауып қолдана білген авторға ондағы қордың құнарлы нәрі аз емес. Епсекті жазушы әр сөзді құбылтып, әрқалай түрлендіріп те келтіре береді. Соларды есепке алып отыру – әдеби тілді өркендетудің ең бір көрнекті жолы, үйткені ол, ең алдымен, осы көркем әдебиет тілінен сусындайды. Е.Н.Жанпейісовтің сөзімен айтқанда, «Әдеби тілімізді байытатын ең негізгі фактор – көркем шығарма тілі» [1, 29]. Әдеби тіл, әрине, халық тілінің байлық көні тікелей ашып та пайдалана алады (әсіресе, кәсіби сөздер, тарихи сөздер т.б.), бірақ осылардың барлығын ой елегінен өткізіп, зерттеу тезіне түсіріп, жүйелі түрде түбегейлі мақсатпен сараптап отырғанымыз артық болмайды.

Көркем әдебиет тілі халықтың қарапайым сөйлеу тілінің негізінде жасалып, көркем әдебиет тілінен нәр алып отырады екен. Ол орайына қарай әдетте ауызекі тілдің элементтерінен де (әсіресе, мысалы, кәсіби сөздерді, әдеби тілде өзіндік баламасы жоқ басқа түрлі сөздер мен

сөз орамдарын) іске асырып, пайдаланып отырудан бас тарта қоймайды. Сонымен қатар ол көркем әдебиет тілінде түзіліп, барынша шындалып, творчестволық ақыл-ой, талабының елегінен өтіп, сүзіліп шыққан сөздерді де өз нормаларына бағындырып алып, толысып, байып, құнарланып құныққан, әрдайым дамып, өсіп-өркендеп отыру процесі осыны көздейді.

Осы күнгі әдеби тілімізде, сонымен қатар көркем әдебиет тілінде де қолданылып жүрген кірме сөздер, соның ішінде араб-парсы сөздерді саналуан, олар иініне қарай арнайы әңгіме болып та жүр. Мысалы, Р.Ф.Сыздықованың еңбектерінде мұндай сөздер өз алдына бөлініп, жеке қарастырылады. Осы автордың сөзіне қарағанда, XIX ғасырдың өзінде «ауызекі сөйлеу тілінде жиірек қолданылып, қазақ тілінің дыбыс заңдарына икемделген сөздерді сол қалыптасқан түрлерінде беру» әдеті орныға бастаған. Сонымен қатар әдеби тілдің нормалану процесіне қатысы бар құбылыстардың ішінде жергілікті диалектілік ерекшеліктердің өзіндік едәуір үлесі болған.

«Көркем әдебиет тілінің де, - деп жазады Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов, сондай ақ әдеби тілдің де негізгі материалы – халық тілі, халық тілі байлығының барлық қат-қабаты», сонымен бірге «әдеби тілімізді байытатын ең негізгі фактор – көркем шығарма тіл», - деп зерттеуші ғалым өз пікірін түйіп айтады [2, 68].

Әдеби тілімізде әлі қалыптасып үлгермеген, оның нормалық талаптілектеріне жауап бере алмайтын, бірақ ауызекі тілдің әсеріне байланысты қолданылу аясын өрістетіп, көр-